

**«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Айтенова Альфия Аманжоловнаның «Қазақстан қоғамының әлеуметтік процесстеріндегі «мәдени жарақат» феномені (XX ғасырдың соны - XXI ғасырдың басы) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

### **РЕЦЕНЗЕНТТІҚ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының ғылым дамуының басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар «Әділетті Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық мақсаттарымен де үйлесім табады. Еліміз ұстанып отырған стратегиялық даму бағдары «Әділетті Қазақстан» қуру тек қана қазіргі заманғы саяси-әлеуметтік</p>

			<p>институттардың әділдігін орнатумен шектелмейді, тұтас тарихи әділеттілікті бағалаумен келіп ұштасады. Осы стратегиялық саяси мақсат, сәйкесінше, тарихи әділетсіздіктерді зерттеумен бірге, ұлтымыздың болашақ дамуында да тарихи әділдептілікті қайта қалпына келтіруді көздейді. Нақтырақ айтқанда, еліміздегі отаршылдық кезеңнің «әділетсіздігінің конституциясын» қайта құрылымдауды керек етеді. Соңдықтан «Әділетті Қазақстандағы әділетті тарих» құру – еліміздің мәдени-рухани саладағы кемелденуінің белгілі бір парадигмаларындағы орнықтылығын айғақтай алады да, тарихтағы әділеттілік пен әділетсіздікті қайта бағамдауды сұранып тұрады.</p>
2.	Фылым маңыздылығы үшін	Жұмыс фылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	<p>Диссертацияның фылыми маңызы мемлекеттіміздің ұлттық-тарихи, рухани құндылықтарын қайтадан жаңғыртуға бағытталған реформаларының жүзеге асыруымен байланысты болып табылады. Зерттеу барысында алынған фылыми-тәжірибелік жетістіктер ЖОО әлеуметтік философияның, мәдениеттанудың, психологияның өзекті мәселелерін оқытудың заманауи әдістерге негізделген теориялық моделін жасауға үлес қосады. Жұмыста «мәдени жарақат» теориялары жүйеленіп, сиңи тұрғыдан талданады, бұл қазіргі зерттеулердегі кемшіліктер мен қайшылықтарды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар тек фылыми пікірталастарды байытып қана қоймай, зерттеушілерге әртүрлі контексттерде мәдени</p>

			жаракат ұғымын талдаудың жаңа құралдары мен тәсілдерін ұсынады.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Доктарант диссертациялық жұмысында өзі жазу принципін ұстанған. Тақырыптың теориялық мәселелерін шешу мен практикалық қажеттіліктерін анықтау бағытындағы мақсат пен міндеттерді ізденуші толық орынданап шыққан. Бұған тақырыптың теориялық негіздеріне жасалған шолуы, өзіндік айқын түйінді ой-пікірлері, талдаулары дәлел болады. Зерттеу жұмысының тараулары бірін-бірі толықтырып, өзара сабактасады. Ғылыми жұмыста келтірілген сілтемелер ізденуші қолданған дәйексөздермен дұрыс үйлесім тапқан. Диссертациялық жұмыстың мазмұны салмақты, тілі жатық, ғылыми талаптарға сай. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтер қорын кең талдауда тұжырымдар беруді көздең.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) <u>негізделген;</u></p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми тұрғыдан сауатты негізделген жаңа нәтижелерді қамтитын кешенді жұмыс болып табылады. Алынған нәтижелердің жаңашылдығы, негізділігі мен объективтілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысы «мәдени жаракат» ұғымын іргелі әлеуметтік үдеріс тұрғысынан қарастырып, қоғамдық-гуманитарлық пәндерде «мәдени жаракаттар» концептісі ретінде құрылымдауға негізделген және бұл ахуалды ғылыми дискурс аясында арнайы тұжырымдамалармен дәйектеуге арналған дербес</p>

			ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертант зерттеу тақырыбының өзектілігін дұрыс негіздей білген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысының мазмұны зерттеу жұмысының жоспарымен орынды үйлесім тапқан. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыптың мәнін нақты айқындайды. Жұмыс мәлімделген тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырады және зерттеу тақырыбын жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы еліміздегі тарихи оқиғалар негізінде «мәдени жарақат» құбылысының заманауи әлеуметтік, саяси, психологиялық келбетін философиялық тұрғыдан талдаған. «Мәдени жарақат» түсінігінің метафоралық көріністері мен оның әлеуметтік онтологиялық мағынасын түсіндіру және әлемдік ғылыми дискурс аясындағы негізгі тұжырымдамаларын егжей-тегжейлі талдаған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері, яғни құрылымы логикалық өзара байланысқан. Жалпы зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттерін кездестіруге болады.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1) <u>сыни талдау бар;</u></b></li> <li><b>2) талдау ішінara жүргізілген;</b></li> <li><b>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</b></li> <li><b>4) талдау жоқ.</b></li> </ol>	<p>Автор жұмысты тарихи кезеңдердегі оқиғалардан бастап қазіргі кездегі жағдайлармен байланыстыра отандық және шетелдік ғылыми зерттеу тәжірибесін саралай отырып салыстырмалы сипатта жете талдауларды жасаған. Диссиденттың ұсынған жаңа тұжырымдары дәйекті негізделген. Нактырақ айтқанда, ізденуші Қазақстандағы «мәдени жарақаттар» арқылы, белгілі бір қырынан алғанда, күллі әлемдік үдерістердегі кейбір мәдени жарақаттардың тарихы мен бүгінгісіне әрі жалғасуына баға беру және оны ашып көрсету қажеттігінде де теориялық бағдарлар ұсынған. Зерттеу жұмысында талдаулар жеткілікті деңгейде жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1) <u>толығымен жаңа;</u></b></li> <li><b>2) ішінara жаңа (25-75% жаңа);</b></li> <li><b>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</b></li> </ol>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Отандық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер аясында алғаш рет «мәдени жарақат» ұғымының онтологиялық мағынасы анықталды. «Метафора», «жарақат», «мәдениет» ұғымдарының мәні философиялық таным түрғысынан қарастырылған. «Мәдени жарақат» метафорасы туралы ғылыми білімдердің құрылымдық жүйесі талданған</p> <p>– «Мәдени жарақат» – концепт ретінде қарастырылып, ғылыми танымдағы зерттелу бағдарлары мен тұжырымдамаларына, шетелдік және отандық ғалымдар мен өнер иелерінің идеяларына талдаулар жасалды, мәдени жарақат құбылысның философиялық мағынасы</p>

		<p>сарапланды;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «мәдени жарақат» туралы батыстық зерттеулердегі «Холокост» тарихи оқиғасына қатысты әлеуметтік-гуманитарлық білімдер кешенінің көркем өнер туындыларында репрезентациялануына талдау жасалды және олардың мағынасы философиялық тұрғыдан сарапталған;</li> <li>- Желтоқсан 1986 оқиғасының мәдени жарақат ретінде ұлт бірегейлігі мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үдерісіне ықпалы зерттелген.</li> <li>- Сталинизм дәуірінің қоғамдық санадағы репрезентациясы мен оның тарихи жарақаттарды қалыптастырудың рөлі талданған.</li> <li>- «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының мәдени жарақаттың еңсерілуі мен әлеуметтік өзгерістерге әсері тұрғысынан зерттелуі ұсынылған.</li> </ul>
	<p>5.2                   Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындысы толығымен жаңа болып табылады. «Мәдени жарақат» үғымындағы басты компонент – «жарақат» түсінігінің метафоралық мәні жан-жақты талданған. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі жарақаттардың көркем шығармалар түріндегі репрезентациялары да талданған. Нәтижесінде, мәдени жарақат метафорасы туралы мынадай тұжырымдар алынды: қазіргі гуманитарлық және әлеуметтік зерттеулерде «жарақат» ділдік мағынаны білдіреді; «жарақат»</p>

			психикалық патология ғана емес, пәнаралық тұрғыда ақиқатты пайымдаудың тәсілі немесе талпынысы болып табылады; «жарақат» – жеке адамдың және ұжымдық идеяларды құрайтын тұжырымдама ретінде ұсынылды; әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде жағымсыз, дисфункционал салдарды зерттейтін тұжырымдама болып саналады.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда ұсынылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін жақын шетелдік халықаралық басылымдарда, ғылыми-практикалық конференцияда, отандық халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда, дөңгелек үстелдерде, республикалық және халықаралық сипаттағы ғылыми-тәжірибелік және теориялық конференцияларда жариялады. Атап айтқанда: диссертациялық зерттеу мәселелері бойынша 4 ғылыми жұмыс, оның ішінде Скопус деректер базасында индекстелетін мерзімді басылымда ғылыми мақала жарияланды.

7.	Көрғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u>      2) шамамен дәлелденді;      3) шамамен дәлелденбеді;      4) дәлелденбеді;      5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>и亞;</u>      2) <u>жоқ;</u>      3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>и亞;</u>      2) <u>жоқ;</u>      3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;      2) орташа;      3) <u>кен</u>      4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>и亞;</u></p>	<p>7.1. «Мәдени жарақат» тұжырымдамалары үдерістің өзін саяси-әлеуметтік, когнитив тұрғыдан талдауға мүмкіндіктер ашады және ұғымның логикалық-семантикалық мағынасы толық айқындалуға тиіс. Сондықтан «Мәдени жарақат» – батыстық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде жаңа парадигмалық пәнге айналды: рефлексиялық және интроспекциялық интенционалдылық бойынша айғақтала алады. Ұсынылған тұжырымдамалардың мәдени-әлеуметтік өмірдегі универсалдығы – әлеуметтік өзгерістерді философиялық рефлексиялау барысында көрініс табады және эмпирикалық проблемаларды бағалауда алуан түрлі мүмкіндіктер ашады. «Мәдени жарақат» – ғылыми тұжырымдама ретінде құрылымдана алады және сауықтыруды, емдеуді қажетсінетін әлеуметтік үдеріс ретінде оның технологияларын философиялық тұрғыдан талдауды керек етеді.</p> <p>7.2. Қағидаттар тривиалды емес «Мәдени жарақат» тұжырымдамалары үдерістің өзін саяси-әлеуметтік, когнитив тұрғыдан талдауға мүмкіндіктер ашады және ұғымның логикалық-семантикалық мағынасы толық айқындалуға тиіс. Сондықтан «Мәдени жарақат» – батыстық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде жаңа парадигмалық пәнге айналды: рефлексиялық және интроспекциялық интенционалдылық бойынша</p>
----	--------------------------------------	---	---

	<p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>айғақтала алады. Ұсынылған тұжырымдамалардың мәдени-әлеуметтік өмірдегі универсалдығы – әлеуметтік өзгерістерді философиялық рефлексиялау барысында көрініс табады және әмпирикалық проблемаларды бағалауда алуан түрлі мүмкіндіктер ашады. «Мәдени жарақат» – ғылыми тұжырымдама ретінде құрылымдана алады және сауықтыруды, емдеуді қажетсінетін әлеуметтік үдеріс ретінде оның технологияларын философиялық тұрғыдан талдауды керек етеді.</p> <p><b>7.3. Қағидаттар жаңа болып табылады</b>  Диссертацияның көптеген ережелері жаңа, өйткені олар бұрыннан бар теориялардың түпнұсқалық түсіндірмесі мен жалпылауын білдіреді. Мысалы, қазіргі заманғы әлемде болып жатқан глобализация, ұлттық айдентикалану, деколонизация үрдістері белгілі бір халықтың, ұлттың мемлекеттің өзіндік болмысын нығайтуға, оны қайтадан тануға, ұлттық мәдени құндылықтары мен тарихи дүниетанымын реконструкциялауға жетелеп отыр.</p> <p><b>7.4. Қолданылу деңгейін кең, ауқымды деп айта аламыз</b>  Диссертацияның негізгі ережелерінің көлемі философия, әлеуметтану, мәдениеттану және психологияны қоса алғанда, кең ауқымды салаларды қамтиды. Қазіргі таңдағы сыни тарихты</p>
--	--	---

		<p>қолға алу, тарихи білімдерді цифрандыру, синергетикалық әдіснама тарихтың шынайылығын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тұста, ұлттық тарихтағы «ақтандақтардың» назардан тыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан да тарихты тұтас өткеніміздің онтологиялық бейнесі ретінде қарастыру платформасы аясында бұл жұмыстың қолданылу аясы кең.</p> <p><b>7.5. Тұжырымдары мақалаларында толықтай дәлелденген</b></p> <p>Диссертацияның ғылыми-теориялық құндылығы ғылыми мақалалар мен жарияланымдарда келтірілген деректермен расталады. Мысалы, «мәдени жарақаттың» мәдени-философиялық мәнін ашып, ой қорытуымен бірге, осы арнадағы ойтолғаудың қазақ философиясы ғылымындағы кешенді зерттеу нысаны еkenін теориялық-әдіснамалық жағынан тұжырымдал, болашақ даму бағыттарын мақалаларда көрсетіп беруі, бұл ізденістің осы саладағы өзіндік орны мен үлесін көрсетеді.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>иј;</u>
		2) жоқ.

		<p>«мәдени жарақаттың» әлеуметтік өзгерістер салдарынан туындастын жағымсыз және бұзылған жағдайларды зерттейтін тұжырымдама ретінде сараланып, осы негізде «Желтоқсан» тарихи оқиғасы, сталинизм феномені, «Невада – Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы хақындағы зерттеулердің «мәдени жарақат» теориялық-әдіснамасы тұрғысынан байыпталуында көрініс тапқан.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және деректерді өңдеу мен түсіндірудің озық әдістерін қолдана отырып алынған. Деректерді өңдеу және түсіндіру үшін компьютерлік технологияларды пайдалану нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін айтартылады. Осылайша, зерттеуге жоғары технологиялық көзқарас диссертацияның ғылыми маңыздылығы мен практикалық құндылығын растайтын сенімді және өзекті нәтижелер алуды қамтамасыз етті.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы классикалық және заманауи теорияларға негізделген. Бұл «мәдени жарақат» метафорасын тұластай түсінуге мүмкіндік береді. Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастармен занылықтар мүқият дәлелденіп, эксперименттік зерттеулермен расталды. Автор деректерді жинау мен өңдеудің заманауи әдістерін қолдана отырып, «мәдени</p>

		<p>1) <u>ија</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	жарақатты» емдеудің практикалық аспектілеріне жан-жақты талдау жасады. Өнердің әртүрлі салаларында «мәдени жарақатты» емдеудің шетелдік және отандық тәжірибелерін мысал келтіру арқылы автор жаңа модельдерді ұсынды. Бұл модельдер теориялық негізде өзірленіп, олардың білім беру саласындағы практикалық қолданылуы мен өзектілігі туралы айтуға мүмкіндік береді.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	Диссертацияның маңызды тұжырымдары олардың негізділігі мен өзектілігін растайтын сенімді ғылыми әдебиет көздеріне сілтемелермен расталады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде «мәдени жарақат» ұғымына, метафорасына қатысты тәсілдер мен теориялды терең қарастыруға мүмкіндік беретін отандық және шетелдік зерттеулер бар.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертацияны жазу барысында автор отандық және шетелдік 226 ғылыми әдебиеттер тізімін пайдаланған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені, зерттеу жұмысында қарастырылып, қол жеткізілген мәселелерді одан әрі ғылыми зерттеулер жасау мақсатында, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған пәнаралық окулықтар дайындау процесінде және оқу бағдарламаларын, оқу құралдарын дайындауда

		<p>қолдануға болады. Сонымен қатар жұмыста жасалған теориялық тұжырымдар «мәдени жарақат» ұғымының әлеуметтік орнын айқындауға көмектеседі, бұл оның қоғамдағы рөлі мен маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жұмыстың теориялық негізі әлеуметтану, психология, философия, мәдениеттану салаларындағы жаңа концепцияларды одан әрі зерттеуге және дамытуға негіз болады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>и亞;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдарды ұлттық мәдени жарақаттың философиясын ашуда тың идеялар тұрғысынан пайдаланып, ұлттану философиясының аясында жаңаша жобалар жасау барысында кең қолдануға болады. Сонымен қатар бұл диссертациялық жұмысты пәнаралық мамандар үшін өзекті ете отырып, алынған нәтижелерді тәжірибеде қолданудың жоғары әлеуетін көрсетеді.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Зерттеудің негізгі түйіндеулерін тұжырымдағанда шетелдік те, отандық тағалымдардың дәлелді ұстанымдары, салиқалы пікірлері берілген еңбектеріне сүйене отырып, толықтай негізден шыққан. «Мәдени жарақат» ұғымына байланысты таным-түсініктер жеке ажыратылып, және өзара байланыста философиялық турде бағамдалып, қазақ халқының рухани-әлеуметтік даму тарихының өн бойындағы</p>

			күрделі оқиғалардың өрбұ диалектикасы деңгейінде сарапталып, ұлттық болмыс пен танымтіршіліктегі деңгейі зерделенген. «Жеңілген мәдениет», «мұқалған рух», «жансебіл рух», «жанданған мәдениет» сынды концептерді қарастыруға ұсыныстар береді. Бұл оларды бірегей және практикалық қолдану үшін құнды етеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	Жұмыстың академиялық сапасы жоғары. Жұмыстың мәтіні барлық ғылыми стандарттарға сәйкес жазылған. Ізденуші нақты терминология мен негізделген дәлелдерді қолданады, бұл жұмысты түсіну мен қабылдауды жеңілдетеді. Беделді дереккөздер мен мұқият зерттелген ақпараттарға сілтеме келтіру автордың зерттелетін саладағы кәсібілігі мен терең білімін раставиды. Таразулардың логикалық түрғыдағы өзара байланысын анық көруге болады.. Пікірлер дәлелді деректер арқылы келтірілген, жазу дағдылары, толық, нақтылығылығымен айқындалады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Ұсынылған диссертациялық жұмысты оқу барысында кейбір ескертулерді де атап өтуге болады. Бұл ескертулер жұмыстың одан әрі ғылыми маңыздылығын күшейтуге септігін тигізеді, алайда оның құндылығы мен нәтижелерін тәмендетпейді. Зерттеу жұмысында ізденуші компаративистік талдауды тақырыпты теориялық айшықтау түрғысында қолданумен қатар мәдени жарақат сипатын өзге де ұлттық қоғамдардағы көріністерімен салыстыра талдаған. Дегенмен

		<p>халқымыз үшін «мәдени жаракаттың» айықпас ізін қалдырған «ашаршылық» тарихи оқиғасына арнайы бөлім арнап, теренірек тоқталса жұмыстың ауқымдылығы артар еді. Диссертация жұмысының ғылыми-теориялық деңгейі жеткілікті, тың тақырып аясында қомақты нәтижелер мен тұжырымдарға қол жеткізілгенмен, қолжазбалар мен сұқбаттық, статистикалық ақпараттарды біраз қысқартуға болады. Дәйектік ақпараттарды зерттеу үшін ең маңызды және өзектілеріне назар аудара отырып, таңдаулы түрде пайдаланған жөн деп ойлаймын.</p> <p>Тұастай алғанда, айтылған ескертулер ұсынылған жұмыстың ғылыми құндылығы мен өзіндік ерекшелігін төмендетпейді. Жұмыстың жоғары деңгейде зерттелуі мен оны баяндаудың айқындылығын жоғарлатады.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы	<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейі айтартылған жетістіктермен ұсынылған, бұл рецензияланған журналдардағы және халықаралық конференциялардағы жарияланымдармен расталады. Диссертациялық зерттеу шеңберінде үш мақала Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда жарияланған. Бұл</p>

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		жүргізілген зерттеулердің ғылыми маңыздылығы мен өзектілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бекіткен Үлгі ережесінің 28-тармағы талаптарына толықтай сәйкес философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

«8D02202 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан қоғамының әлеуметтік процесстеріндегі «мәдени жарақат» феномені (XX ғасырдың соны - XXI ғасырдың басы) тақырыбындағы диссертациялық жұмыс жан-жақты зерттеліп, аяқталған жұмыс болғандықтан Айтенова Альфия Аманжоловна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің  
дінтану кафедрасының профессоры,  
философия ғылымдарының докторы**



**К.А. Затов**

**Ж.А. Затов** қолын  
растаймын  
подпись  
заверяю *[Signature]*  
**К.С. Калжанов** кадр бөлімі  
отдел кадров *[Signature]*